

Алматы облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 330 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 7 жалпы білім беретін лицей орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының;

2) "Қапшағай қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 4 орта мектеп" мемлекеттік коммуналдық мекемесіне Қасым Қайсеновтің;

3) "Қапшағай қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 5 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен" мемлекеттік коммуналдық мекемесіне Ахмет Жұбановтың;

4) "Алматы облысы Жамбыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ынтымақ ауылындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сағындық Оспановтың;

5) "Райымбек ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Баққожа Мұқайдың есімдері берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

1) "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "А.В. Луначарский атындағы орта мектеп-гимназиясы, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Көктал орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "

Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Соцжол орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Панфилов ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Сарқан аудандық білім бөлімінің Петропавловск орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Сарқан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Ақтұма орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Сарқан аудандық білім бөлімінің Тополевка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Сарқан аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Теректі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Сарқан аудандық білім бөлімінің Пограничник орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – "Сарқан ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Жетісу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин